

## **Көкшетау қаласының көше атауларын өзгерту туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы N А-3/570 қаулысы мен Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 20 наурыздағы N С-9/14 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 31 наурызда N 1-1-82 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы, 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылым туралы" Заңының 13 бабының 4 тармақшасына сәйкес және Көкшетау қаласының тұрғындарының пікірлерін және Көкшетау қаласы әкімдігі жанындағы тіл саясаты және ономастика жөніндегі Көкшетау қалалық комиссияның 2007 жылғы 23 сәуірдегі N 2 шешімін ескере отырып, Көкшетау қаласының әкімдігі **қаулы етеді** және Көкшетау қалалық мәслихаты **шешті** :

1. Көкшетау қаласының келесі көше атаулары өзгертілсін:

1) "В.Чапаев" атындағы көше "Қанай би" атындағы көше болып өзгертілсін;

2) "Е.Пугачев" атындағы көше "Рақымбек Сабатаев" атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Көкшетау қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 37 қаулысы мен Көкшетау қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N С-6/17 "Көкшетау қаласының көше атауларын өзгерту туралы" шешімі жойылсын.

3. Осы қаулы және шешім Көкшетау қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қаласының әкімі*

*Төртінші шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының  
тоғызыншы сессияның төрайымы, Көкшетау қалалық  
мәслихатының хатшысы*